



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақ тіл білімі кафедрасы



ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы,
профессор, көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы,
публицист М.С. Серғалиевтің 85 жылдығына арналған
«МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ»
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана, 2023

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор,
көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы, публицист М.С. Серғалиевтің
85 жылдығына арналған
«МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ»
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Астана 17 наурыз 2023 жыл

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
Қ70

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғылыми кеңесі ұсынған

Редакция алқасын басқарған: Сыдықов Е.Б.

Редакция алқасы: А.Бейсенбай, Қ.Саркенова, Б. Әбдуәліұлы (жауапты шығарушы),
Маликов Қ., Кенжалин Қ.К.

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы, публицист М.С. Серғалиевтің 85 жылдығына арналған «МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 345 б.

ISBN 978-601-337841-1

Қазақ тіл білімінің қалыптасуы, дамуы, бүгінгі көтерілген дәреже-биігі – қазақ ғалымдарының ондаған жылдарғы ұжымдық ізденістерінің жемісі. Осы ұжымның ішінде М.Серғалиевтің есімі оқшау аталатын мамандар қатарында тұрады. Ол тіл білімі, публицистика, әдістеме бағытында қатар еңбек етіп, қазақ руханиятында өзіндік із қалдырды. Бүгінде ғалым-ұстаздың қалыптастырған ғылыми мектебі өз жұмысын жалғастыруда, сонымен қатар серғалиевтану ізденістері де басталып келеді. Жинақта жарық көрген ғалымның ғылыми мұрасына арналған зерттеулер – сол жұмыстардың нақты көрсеткіші.

Конференция Мырзатай Серғалиевтің ғылым мұрасын зерделеуге және жалпы филология мәселелеріне арналған. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337841-1

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2023

АЛАШ КЕЗЕҢІ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ТАРИХ КОНЦЕПТІСІ

ҚОЙШЫБЕКОВА А.

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, магистрант
Астана, Қазақстан*

Аңдатпа. Мақалада Алаш кезеңіндегі әдебиет өкілдерінің шығармаларындағы тарих концептісіне талдау жасалады. Тарихи сананы ояту мұратынан бастау алған ХХ ғ. басындағы әдебиеттегі тарихилық жайы жан-жақты талданып, жазушының тарихқа деген көзқарасы зерделенді. Осылайша алаш қаламгерлерінің тарихи тақырыпқа жазылған шығармаларына жаңа концепция, соны көзқарас тұрғысынан қарап, азат санамен баға берілді.

Аннотация. В статье анализируется концепция истории в произведениях литературных представителей периода Алаш. Всесторонне проанализировано роль историчности в литературе начала ХХ века, которая исходила из идеала пробуждения исторического сознания, изучено отношение писателя к истории. Таким образом, произведения писателей периода Алаш, написанные на исторические темы, оцениваются со свободным умом, глядя на них с точки зрения новой концепции.

Annotation. The article analyzes the concept of history in the works of literary representatives of the Alash period. The place of historicity in the literature of the early 20th century, which proceeded from the ideal of the awakening of historical consciousness, has been comprehensively analyzed, and the attitude of the writer to history has been studied. Thus, the works of Alash writers written on historical topics are evaluated with a free mind, looking at them from the point of view of a new concept.

Алаш кезеңі әдебиеті – ХХ ғасырдың басынан, 1905-1907 жылдардан, бастау алып, жазба әдебиетінің жанданған мезгіліне тұспа-тұс келетін әдебиет. Мерзімі жағынан қысқа уақытты қамтығанымен, өзінің әдебиетке әкелген қарқынды әрі қарымды дамуымен ерекше. Ғасыр басындағы қазақ оқығандарының біріге бас көтеруі, қайраткерлік пен қаламгерлік қызметті қатар алып, әдебиет саласына тың жаңалықтар әкеліп, ағартушылық пен азаттық туын тең көтеруі – аталмыш кезеңнің басты жетістігі.

ХХ ғасыр басындағы әдебиет өзіне дейінгі кезеңдермен салыстырғанда, көз ілеспес қарқынмен дамыды: жаңа тақырыптар жазылды, жанрлық толысулар орын алды, әдеби байланыстар нығая түсті. Сонымен қатар, әдебиет тек эстетикалық әсер сыйлауды емес, елге серпіліс жасауды, ұлттық руханиятты оятуды мақсат тұтады. Бұл жолда қазақ оқығандарының алдынан түрлі соқпақ кездесті, десе де оны еңсеру жолында түрлі амал жасалды. М.Дулатұлының «Оян, қазақ!» (1909) деп жар салып, оған ілесе А.Байтұрсынұлының ызыңдап, халықты меңіреу хәлден шығаруға талпынған «Масасы» (1911) осы амалдардың іргетасы іспетті еді. Тақырыбымызға өзек болып отырған тарих тұжырымы, тарихи сананы ояту да елді қараңғылық қапасынан шығарудың бір жолы еді [1; 199].

Алаш зиялылары өмір сүрген мезгіл – әміршілдік зынданына салынып, саяси бұғаудан босамаған, қазақ халқының жеке тарихы турасында жазбақ түгілі, айтуға тыйым салынған, төл тарихымыз өзге ұлт тарихының көлеңкесінде қалған уақыт. Осы кезде әдебиет тарихтың қызметін өз мойнына алады да, ХХ ғасыр басындағы әдебиеттегі тарихилық, шығармалардағы тарих концептісі қалыптасады. Әрине, тарихи тақырыпты жаза отырып, қаламгер абсолютті шынайы тарихты жазды дей алмаймыз. Біріншіден, ол патша үкіметінің идеологиялық сүзгісінен өте алмас еді; екіншіден, әдеби шығармадағы тарих автордың көркем қиял, көркемдік таным, шығармашылық көзқарас тұрғысынан өзгеріске ұшырауы – заңды дүние.

Көркемдік таным – өмірдегі шындықты дәл суреттеуден ауытқу, оны көркем қиял элементтерін қосу деп түсіндірілсе, көркем қиял әдеби образды тудырудың басты тәсілі ретінде танылады. Тарихи шығармада, негізінен, тарихи тұлға не оқиға негізге алынғанымен, онда тек бір адамның басынан кешкен оқиғасы емес, сол замандағы тұтас бір халық өмірінің көрінісі беріледі. Ол дегеніміз: халықтың өткені, бүгіні, болмысы, табиғаты – бәрі де тарихи тақырыпта ашылады.

Автор тарихи шығарманы жазуда белгілі бір кезеңде орын алған оқиғаларды тізбектеп айтпайды, сол деректерге сүйене отырып автордың шеберлігі арқылы шығармашылық тұрғыда жетілген көркем туынды жазып шығады. Жазушы үшін тарихи фактілер, нақты оқиғалар, тарихи тұлғалар алғашқы негіз ғана, сондықтан көркем шығармада тарихи деректердің өзгертіліп берілуі, автордың мақсатына сай сол қалпында айтылмауы мүмкін. Сол уақытта, мезгілде, кеңістікте болған оқиғаны автор қалай көреді, қалай түсінеді, қалай бейнелейді – мұның бәрін әдебиеттану ғылымы зерделейді [2; 45].

Алаш қаламгерлерінің тарихи негіздегі мақалалары мен зерттеу еңбектерін айтпағанда, біршамасы түрлі деңгейдегі тарихи көркем шығарма жазуға барды. Мәселен, А.Байтұрсыновтың «Ер Сайын» жыры, С.Сейфуллиннің «Көкшетау», І. Жансүгірұлының «Күй», «Дала», «Күйші», «Құлагер», М.Жұмабайұлының «Қорқыт», «Батыр Баян», Ш.Құдайбердіұлының «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр» поэмалары, М.Әуезовтің «Хан Кене» пьесасы, «Қилы заман», «Қараш-Қараш оқиғасы» повестері. Бұдан басқа тарихи тұлғалар мен олардың ерлік істері жайындағы өлеңдері, тарихи оқиға негізге алынған әңгімелері де жетерлік. Осылайша алаш азаматтары тарихты қозғауға тыйым салынған қиын кезеңнің өзінде қазақ әдебиетін тарихи туындылармен байыта алды.

Мақаламызда шығарма жазбақ түгілі, атын атауға тыйым салынған Кенесары ханның тарихи тұлғасы сомдалған шығармаларға тоқталып өтейік.

«Ертегі» поэмасы – М.Жұмабайұлының мистикалық сарында жазылған поэмасы. 1922 жылы «Бостандық туы» газетінде басылған. Шығармада Кене хан бейнесі мен оның жолын жалғастырған ұлы Сыздықтың жай-күйі айтылады. Туынды мифтік сюжетке құрылғанымен туындының өн бойынан ақынның қазақ ұлты қайтсе бұрынғы өр, ержүрек рухын қайтара алады деген арман-наласы көрінеді. Неге «Ертегі»? Себебі, қазақтың бірлігі мен ерлігі, батылдығы келмеске кетті, қазақтың жігері құм болды. Кезінде жауға арыстандай шапқан қазақтың бүгінде аяқ-қолы құрсаулы. Бұрынғы мамыражай тірлік ертегіге айналды дегенді меңзейді автор [3; 306].

Хан Абылай немересі Кене хан
Аспанға өрлеп, заулап жанған өрт екен.

...Ел жұрт іздеп Алатауға барғанда
Өз бауыры қырғыздан қаза табады,

- деген жолдарда қазақтың айбарлы хандарын, Кенесарыны өртке теңеп мадақтайды. Одастастық ниетпен барған бауырлас қырғыз елінде өлім құшқанын күйіне жазады. Абылай заманындағы қасқыр мінезді қазақтың рухын жаншығандарды айыптайды. Поэмада Сыздық сұлтанның әкесінің мұратын жалғастырушы, Алаштың ертеңі үшін дұшпандармен алыса білген ер екенін білеміз.

Мағжан ақынның «Түркістан» өлеңі ерекше қуат пен рухқа толы. Шығармадан ақынның түркі халқының тарихын жетік білетінін білуге болады. Түркістан – түркі халықтарының қара шаңырағы, барлығының басын тоғыстыратын киелі мекен. Мағжан ақынның арманы да сол - барша түркі бауырлардың бірігіп қуатты империя болуы. Жырда Тұранды түгел билеп тұрған Афрасиаб ханнан бастап Ескендір Зұлқарнайын, Шыңғыс хан, оның төрт арыстан ұлы Жошы, Шағатай, Үкітай, Төле, атақты Ақсақ Темір, Қасым, Есім хандар түгел қамтылған. Түркі халқының ел басқарған адуынды басшылармен ғана емес,

ғылым-білімде де оқ бойы озық болған жұрт екенін жырлап Ибн Сина, Әл-Фарабилерді мысалға келтіреді. Алаштың Арыстаны Абылайдан тараған Кенесары ханды:

Тұранның топырағын құшып жатыр,

Кешегі ердің ері көкжал Кене,

- деп бөріге теңейді. Түркінің ұрпақтарына кешегі Абылай мен батыр Кенесарының жолын қумай қарап жату жарамайды дейді.

«Алашта Кенекеме ер жетпейді» - деп, Арқаның сұлулық күшін Кенесарының ерлік күшімен керемет теңестірумен көрсетеді. Атақты Абылай, Кенесары хандарға мекен болған Көкшетау жері Мағжан ақын үшін аса қастерлі. Қазақ тарихында талай батырлар болған, алайда, сол тарихта қара басының қамы үшін елін сатқандар да кездескенін жазады автор. Бұл оқиғаның желісі мен оқиға орны автор қиялынан тумаған. Бурабай көлінің оңтүстік-батысында, Оқжетпес тауының арқасында «Кенесары үңгірі» деп аталатын үңгір бар. Ел аузындағы аңыз бойынша үңгір орналасқан бұл шыңға Кенесары ханнан басқаның атқан оғы жетпеген екен [4; 112].

«Оқжетпестің қиясында» шығармасында аталмыш үңгірдің рөлі ерекше. Шығарма бойынша бұл үңгір – Кенесарының ат үстіндегі қат-қабат өмірінде тұйыққа тірелгенде келіп өз-өзімен болатын мекені. Үңгірдің көлемі сегіз қанат киіз үймен шамалас, іші екі бөлікке бөлінген. Кенесары жастайынан осы үңгірде аң аулап, қонып-түнеп жүрген екен. Көтеріліс кезінде жаудан сенімді жерлердің бірі осы орын болған деседі. Себебі, үңгір таудың басында орналасқан, жартасқа көтеріліп шығу оңай емес. Үңгір маңындағы сұлу көріністі сөзбен жеткізу қиын. Тарихи орынның қасына барғанда бойынды бөлекше рух билейді. Кей деректерде Кенесары хан аталмыш үңгірді 1945 жылы мекендеген деп айтылады. Бүгінгі күні «Кенесары үңгірі» туристер мен Бурабай қонақтарының жиі баратын орны болып саналады.

Кенесары ханның образы берілген келесі шығарма – М.Әуезовтің «Хан Кене» пьесасы [5; 23]. Қаламгер тарихи туындыға кіріспес бұрын сол дәуірдегі тарихи мәліметтерді қағазға түскен хаттардан, іс-қағаздардан, жарлықтардан нақты фактілермен іздейді. Соның негізінде автор өз шеберлігімен тарихи көркем туындыны дүниеге әкеледі. М. Әуезов те Кенесары хан тақырыбына бармастан бұрын ел аузынан аңыз-әңгімелер, сол замандағы іс-қағаздар мен жарлықтарды, қағазға түскен мәліметтерді жинақтаған. Кенесары хан туралы көп мәлімет жинағанын, көтеріліс барысын қажырлы түрде зерттегенін, казактар мен қырғыздар арасындағы құжаттарды қарағанын М.Әуезов өз мақаласында айтқан болатын [6]. Пьеса бірнеше рет өңделіп екі нұсқасы жарық көрген. Әр нұсқада Кенесарының образына қатысты өзгешеліктер бар. Алғашқы нұсқасы 1928 жылы жазылған, алайда ол нұсқа сол күйі қолжазба күйінде қалды. Кейін түрлі мекемелердің түрлі талаптарымен талай рет өзгертіліп алғаш 1934 жылы сахналанды. Бірінші нұсқасы араб әліпбиімен қалың дәптерге жазылып сақталған. Бірінші бөлімнің көлемі 75 бет болса, екінші нұсқасы – 54 бет. Яғни, пьесаның 22 беті қысқартылып, әдеби тұрғыдан өңделіп қайта басылған. Пьесаның басында автор Кенесары өткізіп жатқан дүбірлі жиынға үш түрлі буынның көзқарасын көрсетеді. Бірінші орта жастағы үш кісінің әңгімесінде олар Кенесарының ниетін, орысқа қарсы шыққанын қолдайды, алайда жан-жағындағы сұлтан-төрелердің адалдығына күмәнмен қарайды. Екінші буын, үш жас жігіт: «Кенесарының артынан халық өз еркімен еріп жатыр, кейін опық жеп қалмаса болар еді» - деп Шыңғыс тұқымына күмәнмен қарайды. Үшінші буын, тек шалдар Кенесарыға бар жанымен тілектес болады, Абылай мен Тәукенің тілегін жалғастырған Кене сұлтанның тілеуін тілейді. Бұл жерден нені байқауға болады? Драматург Кенесарыға қатысты үш түрлі пікірді үш буынның аузынан беріп отыр. Неге қарттар Кенесарыны қолдап, жас буын күмәнмен қарайды? Біздіңше, бұл жерде автордың астарлы пікірі жатыр. Қариялар – көпті көрген, ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін біледі, яғни шындық соларда. Автор да іштей үлкен буынды қолдайтындай. Жастар болса әлі көп нәрсенің байыбына бармайды, таяз ойлайды.

Жұрт Кенесарыны ақ киізге көтеріп хан сайлайды. Алайда, пьесаның екінші сахнасында бір топ кедейдің балаларынан айрылып зарлануы, ханның маңайындағы би-төрелердің оны назарға да ілмеуі пьесаны шиеленістіре түседі. Айта кететін маңызды дерек, пьесада Жантөре, Балғожа, Мұса, Шотайсынды билер Кенесарыны сырттай қолдап, іштерінен кектеніп жүретін, күншіл, билікқұмар, орыс үкіметіне жағымпаз кейіпте беріледі. Балғожа Жаңбыршыұлы – қыпшақ руының азулы биі, атақты Ыбырай Алтынсариннің атасы. Мұса Шорманұлы - аса көрнекті қоғам қайраткері, қазаққа жасаған жақсылығы көп тұлға. 16 жасынан ел билігіне араласып 30 жылдай Баянауылокругінің басшылық қызметтерінде болған. Қазақ балаларының білім алуы үшін Баянауылда тұңғыш мектеп, медресе, мешіт ашып, Омбыда қазақ қыздарына арналған алғашқы интернат салдырған. Кенесарымен ниеттес болып, көтеріліске қолдау көрсеткен, сол әрекеттері үшін патша үкіметінің тарапынан көп қысым көрген. Бұл сөздерді оның туған жиені Шоқан Уәлиханнның 1863 жылы К.К.Гутковскийге жазған хаттары растайды. Аталмыш тұлғалардың шығармада жағымсыз кейіпте берілуі саяси қысымның әсері деп білеміз.

Кенесары хан мен оның әкесі Қасымның жағымсыз образы патша үкіметіне қызмет еткен қазақтың дауылпаз ақыны Сәкен Сейфуллиннің атақты «Көкшетау» поэмасын білмейтін адам кемде-кем. Шығарма қазақ елінің кербез мекені Көкшетаудың табиғатын жырлаудан басталады [7; 63]. Табиғатты, пейзажды суреттеуде бұл шығарма қазақ әдебиетіндегі үздік туындылардың бірі деп есептеймін. Бурабай өңіріндегі айтылып жүрген аңыздарды жырға қоса отырып, ақын Бурабай өзенінің атауы қайдан шыққанын айтады. Сол өңірде ақбас бура өмір сүріпті. Бұл жануар Бурабайды мекен етіп, болашақта болатын жақсылық-жамандықтан хабар беріп отырады екен. Жергілікті жұрт бураны сол үшін қастерлеп, қасиет тұтады. Шығарманың осы бөлігінде Кенесарының әкесі Қасым сұлтан ерекше сотқар, қанға құмар адам боп суреттеледі. Қазақтың «үш бәйтерегінің» тағы бірі Илияс Жансүгіровтің шығармаларында да Кенесары ханның бейнесі бой көрсетеді. Атап айтсақ, ақынның «Күйші» поэмасы [8, 140]. Поэма Кенесары ханның ордасында түрлі күйлерді шалқыта орындап жатқан күйшіні, күй өнерін керемет суреттеуден басталады. Жалпы, поэмадан автордың Кенесары ханға деген теріс пікірі байқалмайды, ханды мақтамайды да жамандамайды да, бірқалыпты сипаттайды. Алайда, шығарманың соңғы жағында күйшінің сөзімен берілген мына жолдардан І. Жансүгіров те С. Сейфуллин сияқты хандық билікті, Кене ханды мінеп-сынағанын анық байқаймыз:

Баласы Абылайдың Кене ме екен?
Сорыма Құдай айдап келген екен.
Нашардың қанын сорып, жанын жеген
Хан емес, қара қабан деген екен!
...Бұлардың жүрген жері бүлік екен,
Қан сорғыш, қаралардың сүлігі екен.

Жоғарыда мысалға алынған Кенесары тұлғасына қатысты шығармаларда кереғар тұстар кездеседі. Оны солақай саясаттың тигізген әсерінен деп таптық. Осындай түрлі көзқарастардың туу себебі, қайсысының шындыққа жақын, я алыстығы турасында; өзгертулер автордың шығармашылық тарапынан болды ма, я сол кезеңдегі қысым әсерінен бе; тарих келбеті қай авторда қалай суреттеледі деген мәселелерде тарих концептісі тұрғысынан зерттеу маңызды.

Қорыта келгенде, тарихи шығармада жазушының кей оқиғаларды, сюжеттерді ойдан шығаруы да, белгілі тарихи шындықты ойдан толықтыруы да, не кейбір тұстарын өзгертіп, өзара орын ауыстыруға жол беруі де оның суреткерлік шеберлігі мен талғамына, танымына байланысты. Дегенмен, мұндай тақырыпқа баратын шығармашылық иесі өзі суреттеп отырған дәуірге, тарихи тұлғаға байланысты маңызды материалдарды толық игеріп, терең зерттеу жасап, парасат елегінен өткізіп барып қалам алғаны жөн. Өткен замандарда болған оқиғалар тарихын

тізіп, қазіргі өзі өмір сүріп отырған уақыттың мұң-мұқтажын шығармасына арқау ете алу – өз ұлтының, мемлекетінің өміріне бей-жай қарамайтын қаламгердің ісі. Тарихи тақырыпқа татымды шығарма жазу барлық қаламгердің қолынан келмейді. Бұл тақырып үлкен дайындықты, жылдар бойғы ізденісті қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Тілешов Е. Қайнар: Мақалалар, сұхбаттар. – Алматы: Сардар, 2015. – 658 б.
2. Алпысбаев Қ. Тарихи шығарма: таным және көркемдік. – Алматы: Ғылым, 1999. – 281 б.
3. Жұмабаев М. Жан сөзі: Өлеңдер мен дастандар. – Алматы: Раритет, 2005. – 256 б.
4. Бораш Б. Қазақ поэзиясындағы хандар тұлғасы: Оқулық. – Алматы: Дәуір, 2012 – 440 б.
5. Әуезов М. Хан Кене: Тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар. – Алматы: Жалын, 1993. – 448 б.
6. Ауезов М. Современное состояние драматургии и ее задачи // Казахстанская правда, 1934, 20 июня, С.3.
7. Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том. Өлеңдер мен дастандар. – Алматы: Жазушы, 2002. – 192 б.
8. Жансүгіров І. Бес томдық шығармалар жинағы: 2-том. – Алматы: Жазушы, 1987 . – 344 б.

ҚАРАҚАЛПАҚСТАН ҚАЗАҚТАРЫ ТІЛІНДЕГІ КІРМЕ ЭТНОГРАФИЗМДЕР

ДАВЛЕТОВ А.А.,

Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университетінің, магистранты.

Ғылыми жетекші: доц. Адилова Г.А.

Қарақалпақстан, Нөкіс қ.

Аңдатпа. Мақалада Қарақалпақстан қазақтарының тіліндегі өзбек тілінің әсерімен кірген сарпай, сеп, қыз жиын, тойана, тойхана, кәтқұда сияқты кейбір этнографизмдерге талдау жасалған.

Резюме. В статье рассматриваются заимствованные с узбекского языка этнографизмы как: «сарпай», «сеп», «қыз жиын», «тойана», «тойхана», «кәтқұда» и другие в языке казахов проживающих в республике Каракалпакстан.

Қазақ тілінің лексикалық құрамы тек әдеби тілде қолданылып жүрген сөздердің негізінде пайда болып, сонымен шектеліп қалмайды. Керісінше, халық тілінде әдеби тілге қабылданбаған, бірақ оның дамып қалыптасуы үшін бағалы тіл материалдары бар. Әдеби тіл жалпы халықтық тілдің сөздік құрамы негізінде пайда болып қалыптасады және кем-кемнен тұрақтасып барады. Егер әдеби тіл халық тілімен тығыз қатынаста дамуын таппаса, ол сөзсіз, жалпылық ерекшелігін жоғалтып, халық тілінен алыстап, түсініксіз жасалма тіл болып қалар еді. Демек, этнографиялық лексика өзінің құрамын жаңа сөздермен толықтырып барады. Олардың көпшілігі әдеби тілде өнімді қолданылып, жалпы халықтық сөздерге айналады.

Қарақалпақстан республикасында бүгінгі күнде жасап жатырған қазақтар бір неше ғасыр барысында жергілікті қарақалпақ, өзбек, түркмен халықтарымен ауызбіршілікте, тату-тәтті өмір сүріп келеді. Жергілікті қазақтардың тіл мен мәдениетінде қазақ ұлтына тән болған негізгі